

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «Балдырған » бөбекжай-балабақшасы

Топ/сынып «Жұлдызша» ересек тобы

Балалардың жасы 4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: 03.10.2022-07.10.2022ж.

Педагогтің аты-жөні: Бейсенгаж С.Қ.; Байменова Ж.Ш.

Күн тәртібінің кезеңдері	<i>Дүйсенбі</i> 03.10.2022	<i>Сейсенбі</i> 04.10.2022	<i>Сәрсенбі</i> 05.10.2022	<i>Бейсенбі</i> 06.10.2022	<i>Жұма</i> 07.10.2022
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ұйымдастырылған іс-әрекетке әр баланың дайындығы және оларға керекті заттар туралы ата-аналармен әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Үстел үсті ойыны. "Лото. "Ұл мен қыздың киімдері". Мақсат-міндеттері. Балалардың зейіндерін тұрақтандыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту; заттарды топтастыруға дағдыландыру.	Саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Көркемсөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын дамыту.	"Сақина" ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды зеректікке, ептілікке, шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	"Менің жанұям" фотосуреттерді қарастыру. Мақсат-міндеттері. Байланыстырып сөйлеу қабілетін жетілдіру, сөздік қорын молайту; туыстарға сүйіспеншілікті арттыру. Фотосуретте бейнеленген отбасы жайлы әңгімелеу,	"Үй құрастырамыз" құрастыру ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың зейінін, ойлау, елестету қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; отбасына сүйіспеншілігін дамыту.
Таңертенгі жаттығу	1. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол төменде 2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол кеуде тұсында. 3. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде. 4. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене бос, қол кеуде тұсында. 5. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)				
Таңғы ас	Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасық пен шай қасық, шанышқы); майлықты ұқыпты пайдалану; нанды үгітпей жеу, асты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлемей; әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық сақтау). Біздерде бар қасықтар				

	Сиқырлы екен құралдар. Дайын қасық, дәмді ас. Еш нәрсені қалдырмас. Балалар таңғы астарын ішеді. Тамақтану барысында тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Бала орындықта тұзу отырмаса, педагог оған орындықта дұрыс отыру керектігін айтады. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Қылқалам ханшасы». Жер-Ана, саған мың алғыс, Сыйлайсың бізге қуаныш. Жазда, күзде, қыста да, Көркемсің көктем тұста да! Шеңберге тұрады, бір-біріне жылы сөздер айтады. (сөйлеуді дамыту)	«Тілек тілеу». Барлығымыз табиғатты сүйеміз, Үлкендердің сөзін ойға түйеміз. Денсаулықты әрқашан да сақтаймыз, Бейбіт өмір баршамызға тілейміз! (Шеңбер құрып, қайталайды). (сөйлеуді дамыту)	Сәлем саған, ыстық жерім! Сәлем саған, туыс елім! Ыстық маған ошақ үйім, Домбыраның қоңыр күйі! Бір-біріне жылулық сыйлап, достық туралы, топтың ережесі туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)	Қайырлы таң, Алтын күн! Қайырлы таң, Жер-Ана. Аман болсын, достарым, Аман болсын, ата-анам. Алтын күз туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)	Күн жылуын аямасын, Шуағымен аяласын. Достық деген бәйтеректі, Барлық бала саяласын. Жапырақтар туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес дене шынықтыру, музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Сөйлеуді дамыту “Тілдің дыбыстық мәдениеті” Мақсаты:Балаларды дауыссыз [у] дыбысымен таныстыру; жыл құстары, тырнарлардың тіршілігі туралы білім беру; «туған жер», «мекені» ұғымының адам мен аң-құстарға тән құбылыс екенін түсіндіру.Мәтін бойынша диалогтарға толық жауаптарды қайтару іскерлігін қалыптастыру;	Музыка Педагог жоспары бойынша Көркем әдебиет “Пойыз” Мақсаты:Балаларды «Пойыз» туралы өтірік өлеңмен таныстыру, өлең жолдарын мәнерлеп оқу; өтірік өлеңнің мазмұнына зейін қойып, мұқият тыңдауды үйрету; балалардың пойызға қызығушылығын тудыру; адам және техниканың тығыз	Сурет салу “Құмыраға салынған гүлдер” Мақсаты: Балаларды құмырадағы гүлдер композициясын салу техникасына үйрету; гүлдердің бастарын қылқалам арқылы жақпалап салу, қамқорлыққа тәрбиелеу. Сөздік жұмыс Балалардың белсенді сөздік қорына «көктемнің лебі», «құмыра», «інжугүл», «натюрморт» сөздерін енгізу. Әдіс-тәсілдер жеке жұмыс, нұсқау беру, қабылдауға жаттығу, бағалау, оқу қызметін пысықтау,	Музыка Педагог жоспары бойынша Математика негіздері “Тамшыларды қалай санаймыз” Мақсаты: Балаларда дыбыстарды естіп алып, жиынын белгілі санмен немесе эквивалентімен сәйкестеу туралы ұғымдар қалыптастыру; «саны қанша, сонша ...», «саны тең», «бірге үстемелеу», «бірге кему», «тура», «кері санау» ұғымдарын жетілдіру, қолдың ұсақ моторикасын, зейін, түйсік, құлақпен және көзбен қабылдау, еске сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Балалардың көктемгі табиғат құбылыстарын бақылауға	Қазақ тілі Педагог жоспары бойынша Қоршаған ортамен танысу “Жалбыз өсімдігі” Мақсаты: Балаларды жалбыз емдік өсімдігімен таныстыру; жалбыздың шипалы қасиеттері жайлы түсініктерін нығайту; жалбыз өсімдігі жөнінде түсініктерін кеңейту; оқу қызметінде бір-біріне деген мәдени қарым-

	фонематикалық есту зейінін, еске сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. <i>Сөздік жұмыс</i> Белсенді сөздік қорға: тыраулайды, найза, білгір, қолбасшы, тырна, тырау-тырау сөздерін қосу. <i>Әдіс-тәсілдер</i> Аудиожазбаны тыңдау, көркемсөз, жұмбақ, суретті көрсету, зерттеу фонематикалық жаттығуы, артикуляциялық жаттығу, балалардың іс-әрекетін бағалау. Дене шынықтыру Педагог жоспары бойынша	байланысы туралы білімдерін кеңейту. Өтірік өлеңдегі сөздер арқылы балалардың сөздік қорын молайту; өлең мазмұны бойынша зейіні мен қиялын, тілі мен еске сақтау қабілетін дамыту. <i>Сөздік жұмыс</i> «Техника және біз», «пойызға арттым жалғыз қауырсынды...», «тарта алмай тепловоз ауырсынды...» сөздері мен сөйлемдерін айтқызу арқылы балалардың тілін жетілдіру. <i>Әдіс-тәсілдер</i> Сәлемдесу шеңбері, ғажайып сәт, түсіндіру, баяндау, кері байланыс, өлең мазмұны бойынша әңгімелесу, пысықтау, дидактикалық ойын.	мақтау, рефлексия, бақылау. Мүсіндеу “Аққуды мүсіндейміз” Мақсаты: Балаларға ермексаздан кесекті үзіп, домалату, есу арқылы аққуды мүсіндеуге үйрету; қырнауыштың көмегімен тырнау арқылы аққудың қауырсындарын жасауға, Сөздік жұмыс сөйлеуді «тұмсығы», «құйрығы», «қауырсындары», «ермексазды жұмсартамын» сөздері және сөз тіркестері арқылы жетілдіру. Әдіс-тәсілдер Шаттық шеңбері, өздік іс-әрекет, жасалған мүсін үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау, рефлексия. Құрастыру “Дос болайық, көбелек” Мақсаты: Балаларға есептеу таяқшаларынан көбелектерді құрастыруды үйрету; Әдіс-тәсілдер дидактикалық ойын, балалардың жұмысын бағалау және оқу қызметін пысықтау.	қызығушылықтарын арттыру, зеректікке, сезімталдыққа тәрбиелеу. <i>Сөздік жұмыс</i> Балаларға «бәйшешек», «екі үштен бірге кем», «үш екіден артық», «дыбыстар саны қанша, сонша ...», «санын үстемеледім», «санын кеміттім», «сандарын тең еттім» сияқты сөздерді айтқызу арқылы сөйлеу қабілетін жетілдіру. <i>Әдіс-тәсілдер</i> Аудиожазбаны тыңдау, көркемсөз, суретті көрсету, панно алдында және үстел басында іс-тәжірибе жаттығуы, оқу қызметін пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау. Дене шынықтыру Педагог жоспары бойынша	қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу. Сөздік жұмыс "Дені саудың – жаны сау", "Емдік өсімдіктер", "алоэ", "түймедақ", "жүзжылдық", "жалбыз", "жапырақ", "тікен", "тамыр", "гүл", "Тамаша!", "Бәрекелді!" сөздерін пайдалану. Әдіс-тәсілдер Ғажайып сәт, әңгімелесу, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс, сергіту сәті, интербелсенді тақтадан емдік өсімдіктер туралы көрініс көрсету, пысықтау, "Жалбыздың емдік қасиеттерін ата" дидактикалық ойыны. Дене шынықтыру Педагог жоспары бойынша
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (сөйлеуді дамыту, мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуен	Күн - жылу мен жарық көзі. Мақсат-міндеттері: күн - жылу мен жарық көзі екені	Желді бақылау. Мақсат-міндеттері. Балалардың желдің қасиеттерін тануға	Суды бақылау. Мақсат-міндеттері: балаларды сумен ұқыпты жұмыс істеуді дағдыландыру; судың	Мысықты бақылау. Мақсат-міндеттері. Балалардың үй жануарлары, мысық жайлы білімдерін нақтылау, сипаттау	Аспанды бақылау. Мақсат-міндеттері. Балаларды аспанның ашық не бұлтты

	жайлы түсініктерін пысықтау; талқылау, дәлелдеу біліктерін дамыту; табиғатты аялауға тәрбиелеу. Еңбек тапсырмалары: кіші топ балаларына ойын аумақтарын жинауға көмектесу, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Ақсүйек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын ережесіне сай ойнауға машықтандыру; зеректікке, қырағылыққа, дәлдікке дағдыландыру; шыдамдылыққа тәрбиелеу. Өз бетінше еркін ойын әрекеті, алаңға шығарылған материалмен ойындар. "Шеңберді дәлде". Мақсат-міндеттері. Нысанаға дәлдеп тигізуді жаттықтыру.	деген қызығушылықтарын арттыру. Еңбек әрекеті: ойын алаңына ағаштардан курап түскен ұсақ бұтақтарды жинау. "Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды шеңберде ойын ережесіне сақтап, бірігіп ойнауға ынталандыру; Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар. Мақсат-міндеттері. Қимыл-қозғалыс үйлесімділігін дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы түрде қосылуға тәрбиелеу.	қасиеттері жайлы түсініктерін нақтылау; судың табиғи сұйық зат екеніне көз жеткізу; ұқыптылыққа тәрбиелеу. "Жыланша" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Бастаушының және бір-бірінің соңынан бағыттарды өзгертіп, тізбекті үзбей, арақашықты сақтап, жүгіре білу қабілетін жетілдіру. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, далаға шығарылған материалмен ойындар. Мақсат-міндеттері. Қимыл-қозғалыс үйлесімділігін дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы түрде қосылуға тәрбиелеу.	мәтінін құрастыра білуге машықтандыру; есте сақтау қабілеттерін, байқампаздықтарын дамыту; жан-жануарларды тануға қызығушылықтарын арттыру, оларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу. Еңбек әрекеті: ойын алаңындағы ұсақ қоқыстарды жинап шығару. Мақсат-міндеттері. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартына сай ойнауға, рөлді дұрыс атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, жалтарып жүгіруге машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Еркін ойындар: далаға шығарылған материалдармен ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, секіртпеден секіру.	екенін анықтап; бұлттарды белгілі бейнелерге ұқсайтынын байқауға машықтандыру; ой-қиялын, зейін. бақылау қабілетін дамыту. Еңбек әрекеті: ағаштардан түскен құрғақ бұтақтарды жинау. Мақсат-міндеттері. Құралдарды қолдануды үйрету, еңбек біліктіліктерін дамыту. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, далаға шығарылған материалмен ойын ойнау. Мақсат-міндеттері. Қимыл-қозғалыс үйлесімділігін дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы түрде қосылуға тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту,)
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс;				

	этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<i>Қауіпсіздік ережесі</i> “Жол ережелері” Мақсаты: Жолдағы қауіпсіздік ережесімен таныстыру	<i>Үйірме “Ұлттық ойындар”</i> <i>Педагог жоспары бойынша</i>	<i>“Оқуға құштар балабақша”</i> “Көңілді балабақша жаттығу кітабы” Мақсаты: Балаларға осы кітапша арқылы көркем суреттер, көңілді ойындар мен қызықты жаттығулар арқылы түстер, пішіндер, әріптер мен сандарды таныуды үйрету	<i>Эстафеталық ойындар</i> “Допты қуып жет.” Мақсаты: Тәрбиеші балаларға доп салынған кәрзеңкені көрсетеді де алаңның бір жағында өзімен бірге қатарласа тұруды ұсынады.	<i>Желілі рөлді ойын «Отбасы»</i> Мақсаты: Балаларға «Отбасы» түсінік беру олардың үлкенді сыйлау кішіге қамқор болу, жауапкершілік сезімдерін дамыту,
Балалармен жеке жұмыс	Ақтөреге "Моншақтарды жинаймыз" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: геометриялық пішіндерді екі қасиеті бойынша топтастыру біліктіліктерін қалыптастыру (математика негіздері)	Алиханға Саусақ жаттығуы. Дөңгеленіп тұрайық, Керегені құрайық. Уықтар боп иіліп, Киіз үйді құрайық (сөйлеуді дамыту)	Жаңылтпаштар жаттау. Арқада алты арқар бар, Қырқада қырық арқар бар. Қырық арқарда ақ арқар бар. Алты арқарда марка арқар бар. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	Айбүбіге Жаңылтпаш жаттайық. 1) Доп деп, Дөп теп. 2) Қапыда ит қапты, Қатты қапты, Қапты қатты. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Нурсултанға Артикуляциялық жаттығу "Дәмді тосап". Мақсат-міндеттер: тілдің жалпақ ұшын жоғары көтеріп, тілді кесе (ожау) тәрізді қалыпта ұстауын үйрету. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)
Серуенге дайындық	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуен	Түскі серуенді бақылауды жалғастыру(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, дене шынықтыру)				
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				

Кешкі ас	Тамақтану кезінде тазалық сақтау. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуді үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Театрландырылған қойылым. "Алма" ертегісі Мақсат-міндеттері. Балалардың жадында ертегі мазмұнын қайта жаңғырту, еске сақтау, ойлау, эмоциялық, ым-ишаралық, коммуникативтік қабілеттерін дамыту. Музыкалық аспаптармен ойындар. "Күз" тақырыбында әңгімелер үйрету. (музыка) Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру) Өнер бұрышында "күз" тақырыбында мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Еркін ойындар.
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	"Баланың серуенін қалай ұйымдастырамыз" тақырыбында ата-аналарға кеңес беру. Жоба: "Жомарт күз" атты тақырыпта көрме ұйымдастыру.

Тексерген:

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «Балдырған » бөбекжай-балабақшасы

Топ/сынып «Жұлдызша» ересек тобы

Балалардың жасы 4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: 10.10.2022-14.10.2022ж.

Педагогтің аты-жөні: Бейсенгаж С.Қ.; Байменова Ж.Ш.

Күн тәртібінің кезеңдері	<i>Дүйсенбі</i> 10.10.2022	<i>Сейсенбі</i> 11.10.2022	<i>Сәрсенбі</i> 12.10.2022	<i>Бейсенбі</i> 13.10.2022	<i>Жұма</i> 14.10.2022
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Кейбір күндері бала ауырып қалғандықтан балабақшаға келмей қалса, ата-анасы балабақша қызметкерлеріне ескертіп айтуы керектігін түсіндіру. «Баланың денсаулығы үшін дәрумендердің маңызы» тақырыбында кеңес.				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Бөлме өсімдіктерін бүріккіш пистолеттен сумен бүрку". Мақсат-міндеттері. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; балалардың ұғымында жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы түсініктерді бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу.	"Орындықтарды жуу". Мақсат-міндеттері. Балаларға тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуді, бөлмедегі орындықтарды таза ұстауды үйрету: оларды дымқыл шүберекпен сұртуді, орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту,	"Табиғат бұрышы" Табиғат бұрышындағы кезекшілік күнін балалар тірі объектілер үшін жауапкершілік сезінетіндей етіп ұйымдастыру керек.	"Бөлме өсімдіктерін суғару". Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымында өсімдіктерге жарық пен ылғалдың қажеттілігі туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді және көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтарынан қалай тануға болатынын үйрету.	"Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық". Мақсат-міндеттері. Кезекшінің міндеттерін өз бетінше және адал орындау: тәрбиеші дайындаған материалдар мен оқу құралдарын үстелдерге қою, кейін орнына жинау (қажетіне қарай).
Таңертенгі жаттығу	Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау. Бастапқы қалып: аяқтың арасын ашып тұру, екі қолды шынтақтан бұғу, таяқшаны кеуде тұсына ұстау. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқша еденде жатады. Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, таяқшаның екі шетінен ұстау, жауырынға қойып тұру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Балалардың беті-қолдарын жуу, таңғы асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Тамақ ішіп отырғанда сөйлемей. Тамақтанғаннан кейін беті-қолды жуу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың, Тазалықтың досы, Су дегенің осы. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Көркемсөз. Тұманбай Молдағалиев «Жаңбыр». Жаңбыр кеп жауады, Тамшылар тамады. Тырс-тырс! Шаң-тозаң шайылды, Шатырлар шайынды. Тырс-тырс! Жаңбыр туралы әңгімелесу.	О, керемет, қандай тамаша! Таң атты ғой бүгін басқаша! Жаңаша көңіл күймен қарайық! Достарымызға жылулық сыйлайық! Жомарт күз тақырыбында әңгімелесу.	Қайырлы күн, шуақты күн! Қайырлы күн, көк аспан! Қайырлы күн, достарым! Қайырлы күн, балабақшам! Жемістер туралы әңгімелесу.	«Қайырлы таң!» Қайырлы таң, құсқа да, аңға да, Қайырлы таң, жайдары жанға да. Қайырлы таң алға ассын, Кешке дейін жалғассын! Көгеністер туралы әңгімелесу.	Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты! Күлімдеп күн шықты, Жадырап нұр төкті. Қайырлы күн, достарым! Күз сыйы тақырыбында әңгімелесу.
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес дене шынықтыру, музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Сөйлеуді дамыту “Көкеністер мен жемістер дауы” Мақсаты:Жемістер мен көкөністер жалпылауыш сөздерінің мағынасын пысықтау, күз сыйларының адам өмірінде алатын орны туралы білімдерінің аясын кеңейту; әңгіме жанры туралы түсініктерді қалыптастыру. <i>Сөздік жұмыс.</i>Балалардың сөздік қорына: салат, ыстық тағам, нәрсу (компот), дәрумен жалпылауыш сөздеріне қатысты жеміс, көкөніс сөздерін айтқызу арқылы сөйлеу	Музыка Педагог жоспары бойынша Көркем әдебиет “Алма” Мақсаты:Балаларды «Алма» ертегісінің мазмұнымен таныстыра отырып, ертегіні мұқият тыңдауды үйрету; ертегідегі көркемсөздерді еске сақтап, қайталап айтуға жаттықтыру. Әдіс-тәсілдері: Өңгімені мәнерлеп оқу, түсіндіру, баяндау, көркемсөз, миға шабуыл, кері байланыс, сергіту сәті, интербелсенді тақтадан ертегінің желісін көрсету, пысықтау, дидактикалық ойын.	Сурет салу “Жемістер” Мақсаты:Балаларға қылқалам арқылы алма мен алмұртты бейнелеуді үйрету, дөңгелек және сопақша пішіндерді қылқаламның ұшымен салып, ішін баланың өзі қалаған қызыл, жасыл немесе сары бояулармен, сұлбасының шетіне шықпай салу тәсілдерін игерту; Жапсыру “Көлшіктегі торғайлар” Мақсаты:Балаларға дайын көлшіктің қимаулігісінің үстіне, дайын қима үлгілерді пайдаланып торғайдың қанаттарын жапсыруды	Музыка Педагог жоспары бойынша Математика негіздері “Сарқытты тең бөлейік” Мақсаты:Балалардың ұғымындағы бес саны туралы ұғымдарын қалыптастыр. Әдіс-тәсілдер Ғажайып сәт, суретті көрсету, көркемсөз, панно алдында және үстел басында зерттеу жаттығуы, сергіту сәті, үстел басында іс-тәжірибе жаттығуы, дамытушы ойын, оқу қызметін пысықтау, кейіпкермен қоштасу,	Қазақ тілі Педагог жоспары бойынша Қоршаған ортамен танысу “Бауырсақ” Мақсаты: Балаларды бауырсақ пен нан өнімдерімен таныстыра отырып, нанның бидай дақылынан пайда болатыны туралы түсініктерін кеңейту; Сөздік жұмыс "Ас атасы – нан", "Бауырсақ", "Егістік", "диірмен", "ұн", "арпа", "комбайн", "тұқым", "дән", "элеватор", "Жарайсың!", "Керемет" сөздерін пайдалану.

	қабілеттерін жетілдіру. Дене шынықтыру Педагог жоспары бойынша		үйрету. Сөздік жұмыс Жапсыру іс-әрекетіне қатысты қимыл-әрекеттерді қарапайым сөздер және сөз тіркестерімен сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру; сөйлеуді "кұстар", "торғай", "шаршы", "шеңбер", "оң жақ және сол жақ", "шаршыны шеңбер етіп қидым", "қимаұлгі", "желімді жақтым" сөздері мен сөз тіркестері арқылы жетілдіру.	балалардың іс-әрекетін бағалау Дене шынықтыру Педагог жоспары бойынша	Дене шынықтыру Педагог жоспары бойынша
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (сөйлеуді дамыту, мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуен	Аспанды бақылау. Бақылау: табиғаттағы күзгі өзгерістерді бақылау жұмысын жалғастыру. Бұлттар сұр түсті болатынына назар аударту. Табиғат туралы түсініктерін әрі қарай дамыту. Қимылды ойын. «Ұшақтар». (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Дабыл бойынша қимыл жасау, алаң ішінде іс-қимылдарды орындауды бекіту. Көңілді	Жанбырды бақылау. Бақылау: Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы балалардың білімін толықтыру. Еңбек қызметі Ойыншықтарды жинау. Балаларда ойыншықтарды жинау және тәртіп орнату туралы түсінік қалыптастыру. (еңбек дағдылары) Ұжымдық ойындар "Бұғының үлкен үйі бар". Қимылдарды мәтінмен	"Қылқан жапырақты ағаштарды бақылау Сыртқы бейнелеріне қарап: қарағай – ұзын инелер, шыршаларға қарағанда ашық түсті; шырша – инелері қысқа және онша ашық түсті емес. Табиғатқа сүйіспеншілігін арттыру. Қимылды ойын. «Бос орын». (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Жүгіру, жүру, секіру сияқты жаттығуларды	Аула сыпырушының жұмысын бақылау. Бақылау: аула сыпырушының еңбек ету барысын бақылау. Еңбек нәтижесін атап көрсету және оның маңыздылығын түсіндіру; Қимылды ойын. «Құнан шабысы» (қырғыз халқының ұлттық ойыны). (дене шынықтыру) Ойын ережесін сақтауды (белгіден соң жүру, бірін-	Шалшық суды бақылау Көркемсөз. Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға бетінді жу. Тазалықтың досы, Су дегенім осы. Қимылды ойын. «Бір аяқпен жолдан секіру». (дене шынықтыру) Ойын алаңындағы ережені сақтай отырып, бір аяқпен алға жылжып секіруді үйрету. Еңбек. «Балалармен бірге балабақша алаңын жылы

	ойнауға шақыру. Еңбек: құрғақ жапырақтарды жинау, гүлзардағы гүлдердің тұқымын жинастыру. (еңбек дағдылары) Үлкен адамдардың тапсырмаларын орындауды үйрету. Өз бетімен ойындар. «Ұшақтар». Мақсат-міндеттері. Ұсынылған тақырып бойынша ойынға өз еркімен қатысуға тәрбиелеу. Балалардың іс-әрекетті ұйымдастыруына көмек беру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)	байланыстыру қабілетін бекіту. "Мысық" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балалардың жүгіру дағдыларын дамыту. Өз бетімен ойындар. "Батыл балалар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Жылдам жүгіру дағдысын жаттықтыру.	бекіту, түрлі қимыл-қозғалыстарын үйлесімді орындау. Еңбек: құстарды тамақтандыру (еңбек дағдылары) Табиғат бұрышының мекендеушілерін тамақтандыру. Өз бетімен ойындар. Өз бетінше ойнай білуге тәрбиелеу. (қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)	бірі итермеу) үйрету. Жылдамдық пен күш-жігерді дамыту. Еңбек: аула сыпырушыға көмектесу. (еңбек дағдылары) Балаларды ересектерге көмектесуге үйрету. Еңбектенуге деген құштарлықтарын дамытып, тәрбиелеу. Өз бетімен ойналатын ойындар: доппен ойын. Әр балаға доппен ойнау мүмкіндігін беру. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)	сумен жууды бақылау». Еңбектің маңыздылығын сезінуді және үлкендерге көмектесуді үйрету. (еңбек дағдылары) Өз бетімен ойналатын ойындар: Гимнастикалық құралдарға өрмелеу (баспалдақ және тағы басқа). Балалардың қосалқы ойындарға қызығушылықтарын дамытып, бір-бірімен тату ойнауларын қадағалау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттері. Үстел басында өзін дұрыс ұстай білу қабілетін бекіту; жуу ережелерін бекіту. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	«Ақымақ қасқыр» ертегісін оқу, балаларды ұйықтату. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жолдың бойымен жүру. «Қайық». Төсекте ішпен жату, қолды иекке қою, жартылай тұру, оңға-солға тербелу. «Кемпірқосақ». Төсекте арқамен жату, ауада шеңберді аяқпен сызып жасау. «Тышқандар». Массажды кілемшеде аяқтың ұшы және өкшесімен айналдыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекеті)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<i>Қауіпсіздік ережесі</i> «Бағдаршам не дейді?» Мақсаты: Бағдаршам көздерінің түстерімен қайталап, белгілер бойынша жүргіншілердің іс - әрекеттерімен таныстыру, бекіту.	<i>Үйірме “Ұлттық ойындар”</i> <i>Педагог жоспары бойынша</i>	<i>“Оқуға құштар балабақша”</i> «Оқымысты балапан» Мақсаты: Балаларды ертегіні тыңдауға дағдыландыру, қызығушылықтарын арттыру	<i>Эстафеталық ойындар</i> « Аққу-қаздар » Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа, аңғарымпаздыққа тәрбиелеу.	<i>Желілі рөлді ойын</i> «Аспазшы» Мақсаты: Балаларды тағамның түрлерімен таныстыру. Оларға жасаудың қарапайым жолдарын түсіндіру. Асты қадірлеуге үйрету
Балалармен жеке жұмыс	Ержігітке «Сиқырлы суреттер». Ойынның мақсаты: балалардың логикалық ойлау қабілетін, еске сақтау, зейін, қабылдау үрдістерін дамыту.	Үмітке«Жеміс-жидектерді ажырат». Мақсат-міндеттері. Жемістер мен көгөністерді бір-бірінен ажырата білу, ойлау қабілеттерін дамыту.	Бекарысқа Сюжетті суреттерді табиғи түстерді пайдалана отырып бояу.	Дарияға «Таныс пішіндер доминосы». Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту; көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру.	Інжуге Кел, жазайық. Мақсат-міндеттері. Тиянақтылықты, көркем жазуды, қаламды дұрыс ұстауды үйрету. Үзік сызықтарды салу білігін бекіту.
Серуенге дайындық	киімді дұрыс бүктеуді, ілуді, аяқ-киімді түзу қоюды әдетке айналдыру; өз бетінше жылдам және дұрыс киінуге (шешіне) дағдыландыру; шкафқа ілінген, қойылған бас киім, сырт киім, аяқ-қиім сияқты заттардың орындарын білуге, тәртіп сақтауға тәрбиелеу; көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. (дербес әрекет)				
Серуен	Түскі уақыттаға серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуді үйрету. (мәдени-гигиеналақ дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі) Музыкалық аспаптармен ойындар. "Күз" тақырыбында әндер жаттау, тыңдау. Аспаптармен танысу, ойындар. Қазақтың ұлттық күйлерін тыңдату. Ертеңгілікке дайындық. (музыка) Өнер бұрышында "күз" тақырыбында мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Еркін ойындар. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				

Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Психолог кеңесі. Мысалы, «Ересектердің балаларға үлгі көрсетуі, саламатты өмір салтын ұстану». "Баланың агрессивті мінез-құлқы" атты тақырыпта ата-аналарға кеңес беру.
---	---

Тексерген:

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «Балдырған » бөбекжай-балабақшасы
Топ/сынып «Жұлдызша» ересек тобы
Балалардың жасы 4 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: 17.10.2022-22.10.2023ж.
Педагогтің аты-жөні: Бейсенгаж С.Қ.; Байменова Ж.Ш.

Күн тәртібінің кезеңдері	<i>Дүйсенбі 17.10.2022</i>	<i>Сейсенбі 18.10.2022</i>	<i>Сәрсенбі 19.10.2022</i>	<i>Бейсенбі 20.10.2022</i>	<i>Жұма 21.10.2022</i>	<i>Сенбі 22.10.2022</i>
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)					
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Балалардың демалыс күндерін қалай және қайда өткізгендері туралы» әңгімелесу. Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастыру.					
